

Құрметті нарыққа қатысушылар!

«PETROSUN» ЖШС, мұнай өнімдерінің жеке түрлерін бастапқы көтерме саудамен өткізудің тауар нарықтарында негізгі қуаттың иесі бола тұра, Негізгі қуатқа тең қол жеткізу қағидаларының (ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы №7 бұйрығына сәйкес толықтырылған) 18-15-тармағын басшылыққа ала отырып,

ҒСА-жөнелту бекеті (вагондармен жеткізулер) жеткізілім шарттарымен Мұнай өнімдерін сатып алуға Өтінімдерді (бұдан әрі – Өтінім) қабылдау келесі тәртіппен жүзеге асырылатынын хабарлайды:

1. Өтінімдер жеткізілім айының алдындағы айдың 1-ші күнінен 20-шы күніне дейінгі кезең ішінде, www.petrosun.kz сайтында «Сатып алушылар үшін» бөлімінде Өтінімді толтыру арқылы қабылданады;
2. Өтінімді толтыру үшін, www.petrosun.kz сайтында «Сатып алушылар үшін» бөлімінде төмендегіні таңдап алу қажет <https://cabinet.contract.kmg.kz/> Әрі қарай нұсқаулыққа сәйкес.
3. Өтінімдер мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган бекітетін Мұнай өнімдерін жеткізу жоспарын алғаннан кейін, бірақ жеткізілім айының алдындағы ағымдағы айдың 25-шы күнінен кешіктірмей қаралады.
4. Ағымдағы айдың 20-шы күнінен кейін түскен өтінімдер, бос көлем болған жағдайларды қоспағанда, келесі айда қаралады.

EXW-мұнай базасы жеткізу шарттарымен Өтінімдерді (өз бетінше әкету) келесі электрондық пошта мекенжайларына жіберуді жалғастыруларыңызды сұрайтынымызға назарларыңызды аударамыз:

pkop@petrosun.kz

pnhz@petrosun.kz

anpz@petrosun.kz

Өтінім беру шарттары мен мұнай өнімдерін өткізу шарттары бойынша барлық ақпарат жалпыға қолжетімді жерде www.petrosun.kz сайтында Сатып алушы үшін бөлімінде орналастырылған.